

Қарапайым әже

12+

№8 (876)

Сенбі, 20 ақпан 2021 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

2004 жылы 22-сәуірден шыға бастады

Жақын туыстарымен байланыста болу

Жоғалған жақын туыстармен байланыста болу үшін іздеу – әлеуметтендірудің маңызды міндеттерінің бірі. Тәжірибе көрсеткендей, жаңадан құрылған байланыс сотталғандарға оң әсер етеді. Түркістан облысы, Кентау қалалық пробация бөлімінде есепте тұратын бас бостандығын шектеу жазасын өтеп жатқан «О» есімді сотталған азаматша, пробация қызметкерлерінің көмегімен ұзақ уақыттан бері кездеспеген туған ағасын тапты. Ол ағасы Ақмола облысы, Бурабай ауылында тұратыны анықталып, ағасымен телефон арқылы байланысқа шықты және өздерінің кішкентай кездерінде бірге болғандарын содан бір бірін көрмегінің видео телефон байланысы арқылы сөйлесіп, алдағы уақытта бірге тұру жоспарларын айтып, кездесуге ниет білдірген. Есепте тұратын «О» есімді сотталған азаматша Кентау қалалық пробация бөлімінің қызметкерлеріне өз алғысын білдірді.



Абылай МЫРЗАХМЕТ, Кентау қалалық ПҚ бөлімінің аға инспекторы әділет сержанты.

Есімі мәңгі өшпейді, елім деп өткен ерлердің

1979 жылы кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті Ауғанстанға кіріп, 10 жылға жуық соғыс жүргізді. Оған 22 мың қазақстандық қатысқан. Биыл ақпан айының 15-ші жұлдызында Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 32 жыл толып отыр. Осыған орайда Сұлтанбек Қожанов атындағы орталық саябақта ауған соғысы ардагерлерімен кездесу өтті. Жиында сөз алған қалалық Ішкі саясат бөлімінің басшысы Төрехан Жақашұлы ардагерлерге жылы лебізін білдіріп, қала әкімі Дәурен Сәбитұлының арнайы алғыс хатын табыстады. Одан бөлек қаламыздың құрметті азаматы



Өміртай Жүсіпов батырлардың ерлігі алдыңғы жас буының жадында мәңгі сақталатынын жеткізді. Кездесуде ауған жерінде қайтыс болған ерлерді бір минут үнсіздікпен еске алып, құран бағышталды.

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ



Қаратау тауының оңтүстік етегінде орналасқан 65 жылдық тарихы бар Кентау қаласы жылдан-жылға өрлеп, даму үстінде. Бірлік пен татулықтың, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың дұрыс таңдаған стратегиясының арқасында және Елбасымыздың бастаған ісін жалғастырушы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізді өркендету мақсатындағы дестүрлі халыққа арнаған Жолдаулары мен Үндеулерін, облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевтің тапсырмаларын іске асыру жолында өткен жылдың қорытындысымен Кентау қаласы келесідей жетістіктерге қол жеткізді. Жалпы жылдың қорытындысымен қаланың өнім көлемі 121,8 млрд. теңгеге жетіп, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 116,4% артты.

Шахардың экономикасына тартылған инвестиция көлемі 2019 жылы 24,5 млрд.теңге болса, 2020 жылы 35,0 млрд. теңгеге жетті.

ӨНЕРКӘСІП САЛАСЫ
Кентауда жалпы 3 ірі, 27 орта және

шағын кәсіпорындар бар. Өткен жылы өнеркәсіп кәсіпорындары – 36,8 млрд. теңгенің өнімін өндірсе, алдыңғы жылы 12 айында 32,8 млрд.теңге

2015-2020 жылдарға өңірлер кәсіпкерлігін қолдау картасы аясында жалпы құны – 22,1 млрд. теңгеге 9 жобаны жүзеге асыру көзделсе, бүгінге дейін оның 5-еуі орындалып отыр.

- 1.«ЮгЭлектроПривод» ЖШС
- 2.«Электродеталь» ЖШС
- 3.«Статус Эверест» ЖШС
- 4.«Vostok Minerals» ЖШС – «Барит өнімдерін өңдеу» жобасы,
- 5.«АБН Альянс» ЖШС
- 6.«ГРК «Металлинвест» ЖШС
- 7.«Rich Investment» ЖШС
- 8.«PROFINVESTMENT» ЖШС-і
- 9.«Turkestan Fruit» ЖШС-і

Индустриалды аймақ
Ал, индустриалды аймақта 4,6 млрд. теңгеге 10 жобаны іске асыру жоспарланған болатын. Оның 3-уі толық қуатылыққа шығып, 2020 жылы 495,3 млн. теңгенің өнімін өндірді. 2021 жылы 5 жобаны іске қосып, 110 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

Шағын және орта бизнес
Кентауда жалпы жұмыс істеп тұрған 8488 шағын орта кәсіпкерлік субъектілері бар. Олар былтыр 105,9 млрд. теңгенің өнімін өндіріп, қызметтер көрсеткен. Яғни, көрсеткіш салыстырмалы түрде 30,6 пайызға артып отыр.

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 299 адам грант (555600 теңгеден) алған. (кондитерлік өнімдерді өндіру, тамшылатып суару, мал шаруашылығы және тағы басқа) Мемлекеттік гранттар алуға 2020 жылы 17 кәсіпкер конкурса құжаттарын өткізіп, 3 адам 12,0 млн.теңгеге грант алған. («Дарын» ЖШС – сүт өнімдері

5,0 млн.тг, ЖК Нуруллаева Ұ- балалар сауықтыру орталығы 2,5 млн.тг), ЖК Камаев – мүгедек балаларға арналған ойыншықтар -4,5 млн.тг)

Субсидиялау үшін екінші деңгейлі банктер арқылы 9 жоба несиелендірілуге оң шешімін алған. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының» екінші бағыты шеңберінде жыл басынан «Ырыс» МҚҰ арқылы жалпы сомасы 250,6 млн теңге құрайтын 73 жоба қаржыландырылды.

«Яссы-несие» НС жыл басынан кәсіпкерлікті қолдау мемлекеттік бағдарламалары аясында 43 жоба 1652,6 млн.теңге сомасын несиелендірген.

«Қарапайым заттар экономикасы» Мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Кентау қаласы бойынша 21 жоба қатысуға ниет білдіріп, 12 жоба несиелендірілді.

Автожолдар
2020 жылы Кентау қаласы және шахарға қарасты ауылдарда жалпы ұзындығы 94,1 шақырым болатын 66 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Оның, 47,8 шақырым болатын 27 көшесі «Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасы 23,3 шақырымды құрайтын 23 жол «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы аясында жөнделді. Құрылыс жұмыстары 2020 жылдан өтпелі ұзындығы 16,3 шақырымды құрайтын 20 көше бар.

Автокөлік жолдары
2020 жылға ұзындығы 4,3 шақырым А.Ясауи даңғылы, Б.Момышұлы көшесі жөндеу жұмыстары толығымен аяқталды.

Алтынсарин (800 м) және Абылайхан (1000 м) көшелерінің орташа жөндеу

жұмыстары басталып, лотоктары мен бордюрлері қойылып, асфальт төселді. Әл-Фараби көшесінің орташа жөндеу жұмыстары басталып, жұмыстар атқарылуда.

Республикалық бюджет қаржысына қаладағы 9 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізді. 2020 жылы Кентау қаласының 12,7 шк құрайтын 11 көшеге ағымдағы жөндеу және 35 көшеге орташа жөндеу асфальт төсеу жұмыстары жүргізілді.

Кентау қаласындағы 52 орамдағы 11 көшенің орташа жөндеу жұмыстарының 70%-ы атқарылды. Сондай-ақ, Ерназаров, Науаи, Әуезов көшелерінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңға жөндеу жұмыстарының 70% аяқталған.

Оранғай ауылдық округінде 11 көшеге, Шаға ауылдық округінде -16 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 6 көшеге жарықтандыру жұмыстары аяқталды, 3 көшеге аяқ жол жұмыстары жүргізілді.

Хантағы ауылындағы Рысқұлбеков көшесі, Ащысай ауылындағы Ақхожаев көшесі, Шорнақ ауылдық округіндегі А.Байтұрсынов көшесі, Ескі Иқан ауыл округіндегі Түркістан көшесі, Жаңа Иқан ауыл округіндегі №1 көшесі, Жібек жолы ауыл округіндегі Исабеков көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП
2020 жылы орын алған жалпы құқық бұзушылықтардың саны 434- ті құрап 31,9 %-ға кеміді. Оның ішінде: пәтер ұрлығы -65,0%-ға, тонау 53,3%-ға, бөтеннің мүлкін ұрлау 63,7%-ға кеміді, ауыр және аса ауыр қылмыстар 41,5 %-ға артты. Ауыр және аса ауыр қылмыстардың жалпы ашылығы – 68,4% құрады.

«Әлем күнмен, ал адам біліммен жарық»

Кентау қаласы, М. Әуезов атындағы жалпы орта мектептің қабырғасында қашықтықтан бастауыш сыныптарда қазақ халқының ағартушысы, педагог, жазушы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған мектепшілік «Кел, бабалар, оқылық!» тақырыбында 1-8 ақпан аралығында апталық іс шаралар өткізілді. Апталықтың бірінші күні бастауыш сынып оқушылардың ақпарат беру мақсатында «Ы. Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы» тақырыбында тәрбие сағаттар өткізілді. Екінші күні оқушылардың қабілеттерін дамыту мен қолдау мақсатында «Кел, балалар, оқылық!» айдарымен жатқа мәнерлеп өлең оқу байқауы өткізілді. Оқушылардың қашықтықтан болса да оқуға деген құштарлығы, өлең оқу мәнерін сақтап видеожазбалар арқылы жеткізді, жалғасын тапқан іс-шара барысында үшінші күні тәлім мен тәрбиелік мәні зор жазушы әңгімелерін оқу мен мазмұндау бойынша кезеңінде мектепалды даярлық топтары мен 1- сынып мұғалімдер «Бір уыс мақта» және «Бақша ағаштары» әңгімелерін оқып беру, мазмұнын ашу мақсатында оқушылармен әңгіме- сұхбат жүргізді. 2-4 сынып оқушыларына бекітілген «Асыл шөп», «Әке мен бала», «Таза бұлақ» әңгімелері оқуға берілді. Бұл орайда оқушылардың таным- түсінігін қалыптастыру, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында берілді. Үйде отырған оқушылардың өзіндік жұмыс жасауға, сөздік қорын байытумен қатар, өз түсініктерін

қалыптастыруға негіз болды. Өткізілген іс шара барысында төртінші күні 4 сынып оқушылары «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» тақырыбында шағын шығарма жазды. Қашықтықтан оқыту барысында кедергілерге қарамастан уатсап желісінде және қосымшасында өткізілген іс шара барысында барлық сынып толық қатысты. Іс-шара өту барысы туралы қосымшасында оқу ісі жөніндегі орынбасары А. Нуржанбаева қорытынды жасап, іс шара жоғары деңгейде өткендігін және өткізу барысында жоғары дейгейде өткізілген сыныптарға алғыс айтып, атап өтті.

Қазақ халқының ұлы ағартушысы, педагог, жазушысы Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығына, қазақ әдебиетінің, педагогика саласындағы орнының аса маңыздылығын терең түсініп, бойына сіңіре білген жас бұынға ризашылығымызды білдіре отырып, өлең мәнерлеп оқыған Балтабай Нұрәділ, Рисметова Жасмина, Асылхан Маржан, Тайтілеуова Інжу, Абдурасулова Махфират, Умар Мадина қабілеттерін ерекше атап өтуге болады.

Сөз соңында айтарым, бастауыш сыныптарда өткен іс-шара өзіндік ерекшеліктерімен есімізде қалды. Мұндай шаралардың бала бойындағы білімге деген құштарлығын арттырады сөзсіз.

Раушан ДАНЫШБАЕВА,
М.Әуезов атындағы жалпы орта мектептің бастауыш мұғалімі.

ҚазҰУ — болашаққа апарар білім ордасы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – өзіндік салт-дәстүрге бай, көпжылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол бірден-бір жоғары оқу орны.

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Сіздерге алуан түрлі мамандықтарды ұсынатын білім және ғылым ордасы.

Соның ішінде, Экономика және бизнес жоғары мектебі - жыл сайын 500-дан астам бакалавр, магистр және PhD докторларын дайындайды.

Экономика және бизнес жоғары мектебінде келесідей кафедралар бар: «Экономика», «Менеджмент», «Қаржы және есеп», «Бизнес технологиялар».

«Менеджмент» кафедрасы мына мамандықтар бойынша жас мамандар дайындайды:

-Менеджмент;
-Мемлекеттік және жергілікті басқару;

-Инновациялық менеджмент;
-Жобаларды басқару.

Кафедраның білім, ғылым, өндірістік және инновациялық потенциалы жоғары. Олардың барлығы дерлік заманауи әдіс

тәсілдерді қолдану арқылы жоғары квалификациялы білікті мамандарды даярлайды.

Оқу жылы аяқталар сәтте бітіруші талапкерлер арасында үлкен таңдау мен таңдау жүреді. Мектеп табалдырығын тарыдай болып аттаған қазіргі әр талапкердің таудай мақсаты – жоғары оқу орнына түсіп, ата-анасының үмітін ақтау, болашақтың мамандығын таңдау. Олар үшін алда сынақ тұр. Ұлттық бірыңғай тестілеуден соң, арман жүгін арқалаған әр талапкер өзіне қажетті оқу орнын таңдайды.

Бітіруші түлектердің назарына еліміздегі ЖОО-дар ішіндегі ең үздік Университет ҚазҰУ-ды ұсынамыз. Университет жайлы толық ақпаратты www.kaznu.kz сайтынан біле аласыздар. Сіздерді университетімізге шақырамыз!

Лаура АШИРБЕКОВА,
э.ғ.к., доцент м.а.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Экономика және бизнес жоғары мектебі» «Менеджмент» кафедрасы.
Гүлмира ҒАЛЫМҚЫЗЫ,
«Менеджмент» кафедрасының оқытушысы.

Сыбайластыққа жол жоқ!

Кентау қалалық ОКЖ жүйесіне қарасты С.Қожанов ауылдық №20 кітапхана

2021 жылы 28 қаңтар күні С.Қожанов ауылдық №20 кітапхана филиалында

кітапханашы О.Бектұрғановтың ұйымдастыруымен «Сыбайласқа жол жоқ!» атты тақырыпта пікірталас болып өтті.

болып есептеледі. Мемлекеттік қызметкерлердің шешім қабылдауда беделін түсіреді. Шенеуніктерді қадағалаудың жоқтығынан биліктің монополияға айналуына әкеп соқтырады. Бұл еліміздегі және қоғамымыздың жеке азаматтарының мүдделеріне көп зиян келтіреді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес



Мақсаты: Адамдарға құқықтары жайлы түсініктерін айта отырып «Жемқорлық, парақорлық» мағынасын түсіндіру; біздің қоғамда өз мемлекетімізге жауапкершілікпен қарап және әділдікке тәрбиелеу.

Кітапханашы: біздің мемлекетімізде сыбайлас жемқорлықпен күресуге нормативтік акт Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес» туралы заң қабылданды. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз ТМД елдерінің ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалық базасын бірінші болып қабылдады. Ол қандай заңнамалық база мен жүйе? (Кәне ойланып пікірталасқа түсіреміз) С.Қожанов мектебінің психолог мұғалімі Тұрысбеков Оразбай: 1998 жылы Қазақстан «Сыбайлас жемқорлықпен күрес» туралы заңды бірінші болып қабылдады. Онда мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиялық саясаттары белгіленді. 1992 жылы 17 наурызда ҚР Президентінің «Сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес күшейту жөніндегі іс-шаралар туралы» жарлығы қабылданды. Онда қылмыстық ықпал ету шаралары айқындалды, оның ішінде тәртіптік, мүліктік, әкімшілік сипаттағы қылмыстың алдын алу шаралары. Тағыда басқа қабылданған қаулы қарарларды құжаттардың барлығында да парақорлықпен сыбайлас жемқорлық қоғамның мемлекеттік мүдделеріне қайшы келетіні ҚР Конституциясының негізгі қағидаларымен сыйыспайтыны туралы атап өтіледі.

Кітапханашы: Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады. Ол экономика заңдарының еркін әрекетін шектейді және еліміздің әлемдік қоғамдастың алдындағы беделін төмендетеді.

Найзабеков Нұрбол С.Қожанов мектебінің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі: Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік органдарда қауіпті

туралы» заңы ең негізгі заңдардың бірі болып табылады.

Кітапханашы: Сыбайлас жемқорлықпен күрес Қазақстанның бүгінгі күнді күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Соны сіздер өз түсініктеріңізбен қалай жеткізесіздер? С.Қожанов мектебінің кітапханашысы Жанар Айымбетова: қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның ішінде Қазақстанда да, өмірін жайғастырып келеді. Ол тек ауқымдылығымен ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық елдің болашақ дамуына қауіп төндіреді. Қазақстан мемлекеттік саясаты сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады. Жемқорлықты жеңу Қазақстан үшін Н.Ә.Назарбаев нақты белгіленген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі. Сол себепті Президент өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясында дамыған мемлекеттің сыбайлас жемқорлықпен атап көрсетті. Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлға топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану, қарапайым тілмен айтқанда сыбайлас жемқорлық қызмет дәрежесін өз мүддесіне пайдалану. Сыбайлас жемқорлықтың белгілерінің бірі пара алу не беру болып табылады. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы айтқанда қоғамның көмегінсіз жемқорлықты тоқтату мүмкін еместігін бір неше рет атап өтті. Біздің қоғамда жастар күрделі мәселелерді шешуге, оның ішінде сыбайлас жемқорлықты жеңуге де қажет білімдері жетерлік. Іс-шараға қатысқан басқа да оқырмандар өз ой-пікірлерін білдірді. Пікір талас барысында кітапханашы қатысушыларға сұрақтар қойып, қанағаттанарлақ жауап алды. Қатысушы оқырмандар өз ойларымен, пікірлерімен бөлісті.

Омарәлі БЕКТҰРҒАНОВ,
С.Қожанов ауылдық №20 кітапхана-филиалының кітапхана менгерушісі.